

## Ойын бизнесіне қатысты тіркелген салық ставкаларының мөлшері туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы N 106 -IV шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Мақат ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда N 4-7-98 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2018 жылғы 10 тамыздағы № 194-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 10.08.2018 № 194-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Мақат ауданы бойынша Салық басқармасының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 06-АҚӨБ-03-6-8/3005 санды ұсынысын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабын және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Кодексіні басшылыққа алып, ШЕШЕМІЗ:

1. Ойын бизнесіне қатысты тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ойын шешімнің орындалуына бақылау жасау жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, жерді пайдалану және табиғатты қорғау, заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Д.Алтаева) жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті  
XIV сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г. Медыева*

*Т. Жолмағамбетов*